

**«Білім алушылардың сессияны ұйымдастыру сапасына қанағаттануы»
сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама**

Ректордың 29.01.2024 жылғы №118 бұйрығына сәйкес Сапаны қамтамасыз ету басқармасы 29.01.2024 ж. мен 05.02.2024 ж. аралығында «Білім алушылардың сессияны ұйымдастыру сапасына қанағаттануы» атты сауалнама жүргізді.

Сауалнаманың мақсаты – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті білім алушыларының сессияның ұйымдастырылу сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау.

Сауалнама Platonus-та білім алушының жеке кабинеті арқылы жүргізілді.

Сауалнама аралас типтегі сұрақтарды қамтиды. Сауалнамадағы сұрақтар саны – 12.

Сауалнамаға 3495 білім алушы қатысты, бұл университеттегі білім алушылардың жалпы контингентінің 31%-ын құрайды. 1-кестеде факультеттер бөлінісінде респонденттердің құрамы ұсынылған.

1-кесте

Сауалнамаға қатысушылар саны

№	Факультет	білім алушылар	
		респ. саны	%
1	Биология-география	211	27%
2	Шет тілдер	424	25%
3	Тарих	157	27%
4	Математика және ақпараттық технологиялар	302	27%
5	Педагогика	193	22%
6	Физика-техникалық	312	42%
7	Дене шынықтыру және спорт	285	29%
8	Филология	343	32%
9	Философия және психология	226	30%
10	Химия	615	52%
11	Экономика	201	25%
12	Заң	226	37%
	Жиыны:	3495	31%

Сауалнамаға қатысудың ең жоғары белсенділігін химия (52%), сондай-ақ физика-техникалық факультетінің (42%) білім алушылары көрсетті.


Студенттерге университеттегі емтихан сессиясының ұйымдастырылуына қаншалықты қанағаттанғанын бағалау ұсынылды: (1-сурет)

- сессияның ұйымдастырылуына толық қанағаттанған - респонденттердің 80%-ы;
- ішінара қанағаттанған – сұралғандардың 18%-ы;
- толық қанағаттанбаған – 2%. *Факультеттер бойынша мәліметтер 1-қосымшада көрсетілген.*

көрсетілген.

1-сурет.

Емтихан сессиясының ұйымдастырылуына қанағаттану




Емтихан сессиясын ұйымдастыруда не көңіліңізден шықпайды? Білім алушылардың 48%-ы «барлығы көңілден шығады» деп жауап берді, сауалнамаға қатысқандардың 27%-ының тестілеу кезіндегі техникалық ақауларға көңілдері толмаған, 22%-ы емтиханға дайындалу мерзімінің тым қысқалығын, 14%-ы бір күнде тапсыру үшін пәндердің көп болуын атады.

Сіз білімді бағалаудың қай түрін дұрыс деп санайсыз? Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 86%-ы тест нысанын білімді бағалаудың ең қолайлы түрі ретінде атап өтті. Ауызша нысанды (билеттер бойынша) респонденттердің 9%-ы ең қолайлы деп санайды, қалған 5%-ы жазбаша нысанды таңдады (2-сурет). (Факультеттер бойынша мәліметтер №3 қосымшада көрсетілген)

2-сурет.

Білімді бағалау түрі




Сіз пәндер бойынша білімді бағалау критерийлерімен таныстыңыз ба? Респонденттердің 93%-ы бұл сұраққа оң жауап берді, пәндер бойынша білімді бағалау критерийлерімен танысты; 7%-ы аталған критерийлермен таныспағанын атап өтті. Факультеттер бойынша мәліметтер 4-қосымшада көрсетілген.

Сіздің біліміңізді бағалау қаншалықты әділ және объективті өтті деп есептейсіз? Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (68%-ы) өткен сессияда білімді бағалау объективті, 28%-ы – объективті тәрізді, 3%-ы – объективті емес тәрізді, 1%-ы – объективті емес деп санайды. (3-сурет)

3-сурет.

Білім алушылардың білімін бағалаудың объективтілігі



Емтихан сессиясынан өту жөніндегі нұсқаулықтың қолжетімділігі мен түсініктілігін бағалаңыз? Емтихан сессиясынан өту жөніндегі нұсқаулықтарды білім алушылардың 91%-ы қол жетімді және түсінікті десе, респонденттердің 7%-ы нұсқаулық бар, бірақ түсініксіз деп жауап берді. Сұралғандардың 2%-ында аталған нұсқаулық болмаған Факультеттер бойынша мәліметтер 6-қосымшада көрсетілген.

Емтихан тапсырмаларының күрделілік деңгейін бағалау. Білім алушылардың 77%-ы емтихан сессиясының тапсырмаларының күрделілік деңгейі оңтайлы деп есептесе, 12%-ы тапсырмалардың күрделілік деңгейі жоғары деп жауап берді, қалған 11%-ы тапсырмалар оңай болды деп есептейді. Факультеттер бойынша мәліметтер 7-қосымшада көрсетілген.

Емтихан сұрақтары оқып-зерделенген материал мазмұнына сәйкес келе ме? Білім алушылардың 72%-ы емтихандардағы тапсырмалар оқып-зерделенген материалдың мазмұнына толық сәйкес келетіндігін айтты. 28%-ы емтихандардағы сұрақтар өткен материалға жартылай


Сапаны қамтамасыз ету басқармасы ғана сәйкес келеді деп санайды. Респонденттердің қалған 1%-ы сұрақтар сабақ барысында зерттелген материалға мүлдем сәйкес келмейтінін айтты. *Факультеттер бойынша мәліметтер 8-қосымшада көрсетілген.*

Сессия кезеңінде FX бағасын қайта тапсыру мүмкіндігі туралы. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 82%-ы сессия барысында FX бағасын қайта тапсыруға болатындығын білетінін, қалған 18%-ы бұл туралы білмейтіндіктерін айтты. 4-сурет.

Факультеттер бойынша мәліметтер 9-қосымшада көрсетілген

4-сурет.


Сессия кезеңінде FX бағасын қайта тапсыру мүмкіндігі туралы



Емтихандардың өткізілуі туралы сіздің пікіріңіз қандай. Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың көпшілігі - 95%-ы емтихандар шынайы және әділ өткізіледі деп есептейді, 5%-ы емтихандарда көшіріп алуларға жол берілетінін атап өтті, бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың 1%-ы емтихандар бақылаусыз өткізілетінін атап өтті. (5-сурет)

5-сурет.

Емтихандардың өткізілуі



Сіз осы сессия кезеңінде емтиханды тек ақшалай сыйақы, сыйлықтар (пара) арқылы тапсыруға болатын жағдайға тап болдыңыз ба? Білім алушылардың 97%-ы емтихан сессиясын тапсыру кезеңінде олар емтиханды тек ақшалай сыйақы, сыйлықтар (пара) арқылы тапсыруға болатын жағдайға ешқашан тап болмағандарын мәлімдейді. Мұндай жағдайда сұралғандардың қатарынан сирек 3%-ы тап болған, респонденттердің 1%-ы бұл жағдайда жиі кездесетінін көрсеткен. *Факультеттер бойынша мәліметтер 2-кестеде көрсетілген.*

2-кесте

№	Факультет	Жиі	Респонденттер саны
1	Биология-география	0,9%	2
2	Шет тілдер	0,7%	3
3	Тарих	0,6%	1
4	Педагогика	1,5%	3
5	Филология	0,5%	2
6	Дене шынықтыру және спорт	1%	3
7	Физика-техникалық	0,6%	2
8	Химия	0,8%	5
9	Заң	0,8%	2

Сауалнама қорытындысы бойынша студенттердің ұсыныстары талданып, жалпы ескертулер тұжырымдалды. Респонденттер қалдырған пікірлер студенттердің оқу процесіне деген үлкен қызығушылығын білдіреді.

Қорытындылар:

- сауалнама нәтижелері білім алушылардың университеттегі сессияның ұйымдастырылуына қанағаттануының жеткілікті жоғары деңгейін растады (80%);
- Сауалнамаға қатысқан білім алушылардың 86%-ы тест нысанын білімді бағалаудың ең қолайлы түрі ретінде атап өтті;
- Сұралғандардың 2%-ы емтихан сессиясынан өту жөніндегі нұсқаулықтың болмағандығын атады;
- Білім алушылардың 7%-ы пәндер бойынша білімді бағалау критерийлерімен таныспаған;
- Сұралған респонденттердің 18%-ы сессия кезеңінде FX бағасын қайта тапсыру мүмкіндігі туралы білмейді;
- Сауалнамаға қатысқандардың 27%-ы тестілеу кезінде техникалық ақауларға тап болған;
- Респонденттердің 1%-ы тесттердің өткен материалдың мазмұнына сәйкес еместігін көрсетті.

Ұсынымдар:

- философия және психология, педагогика, шет тілдер, тарих, химия факультеттері білім алушыларды емтихан сессиясынан өту жөніндегі нұсқаулықпен алдын ала таныстыруды қамтамасыз етсін;
- математика және ақпараттық технологиялар; физика-техникалық, химия, педагогика факультеттері білім алушыларды пәндер бойынша білімді бағалау критерийлерімен алдын ала таныстыруды қамтамасыз етсін;
- шет тілдер, тарих, педагогика, философия және психология факультеттері білім алушыларды сессия кезеңінде FX бағасын қайта тапсыру мүмкіндігі туралы ақпаратпен таныстырсын;
- АТжәнеТО тестілеу кезінде ақаулардың туындау тәуекелін азайту үшін қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;
- философия және психология, педагогика, химия, математика және ақпараттық технологиялар, филология факультеттері ағымдағы бақылау жүргізу кезінде техникалық проблемалар туындаған жағдайда білім алушыларды іс-қимыл тәртібімен (іс-қимыл алгоритмімен) таныстырсын;
- кафедралар емтихан тапсыруға дайындыққа арналған сұрақтарды өзектендірсін, тесттердің пән мазмұнына сәйкестігін тексерсін.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген